



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1995 жылғы 14 шілдедегі N 85. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 27.11.1996 ж. бұйрығымен. ~V960223

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы Ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі тіркеу органдары мен оның аумақтық органдарының құрылатын және жойылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың республика аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу жөніндегі қызметін реттейді.

2. Әділет органдары жүзеге асыратын мемлекеттік тіркеу субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру тәсілі болып табылады. Бұндай жағдайда заңды ұйым құрудың орындылығы мәселелері назарға алынбайды, олардың шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және араласу мақсаты көзделмейді. Субъектінің заңды тұлға құқықтарына ие болуының ресми дәлелдемесі әділет органдары беретін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары құрылған, қайта құрылған және жойылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы мағлұматтар бар кітап құрайтын заңды тұлғалар реестрін жүргізеді.

Заңды тұлғалар реестріне бірыңғай әдістемелік және бағдарлама-технологиялық принциптерге негізделген бірыңғай мағлұматтар банкі болады. Мағлұматтардың бірыңғай банкін құруды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі олардың аумақтық органдарынан алынатын құрылған, қайта құрылған және жойылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы мағлұматтар негізінде жүзеге асырады. Мағлұматтардың аумақтық банкін Әділет министрлігінің жергілікті жерлердегі органдары құрады.

4. Осы Ереже мыналардың негізінде дайындалды:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) 1994 ж. 27 желтоқсаны;

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 17 сәуіріндегі "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" заң күші бар Жарлығы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктер туралы" 1995 жылдың 2 мамырындағы заң күші бар Жарлығы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 19 маусымындағы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығы;

- Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 27 желтоқсанындағы "Шетелдік инвестициялар туралы" Заңы;

- Қазақ КСР-ның 1991 жылдың 27 маусымындағы "Қазақ КСР-ындағы қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 15 қаңтарындағы "Дінге сену еркіндігі және діни бірлестіктер туралы" Заңы;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 27 сәуіріндегі N 564 "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсанындағы N 269 "Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысы.

II. Тіркеу ақысы

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 "Салықтар және бюджетке міндетті өзге төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін Үкімет бекіткен тәртіпте және мөлшерде ақы алынады.

Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) нормаларына сәйкес келтіруге байланысты тіркелген және қайта тіркелген жағдайда, олар тіркеу ақысын төлеуден босатылады.

III. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің тәртібі

6. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу мынадай тәртіпте жасалады:

6.1. Тіркеуші органға құрылтайшы немесе ол өкілеттік берген адам мыналарды ұсынады:

- қоса беріліп отырған үлгідегі (N 1-4 қосымшаларды қараңыз) арыз;
- заңды тұлғаны тіркеуге қажетті, белгіленген тәртіпте куәландырылған құру және өзге құжаттардың пакеті (құжаттардың тізімі N 5 қосымшада көрсетілген);
- мемлекеттік тіркеу үшін ақы төленгені туралы квитанция немесе төлеу тапсырмасының көшірмесі.

6.2. Көрсетілген құжаттар негізінде тіркеуші орган, құру құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырып, статистикалық карточка (N 6 қосымшаны қараңыз) алу үшін мемлекеттік статистика органына жолдама береді.

6.3. Субъект тіркеуші органға Мемлекеттік регистрдің жүйелік-есептік коды танылған статистикалық карточканы ұсынуға міндетті. Статистика органы статистикалық карточканы екі данада субъектінің тіркеуші органы берген жолдаманы ұсынған сәтінен бастап 7 күннен кешіктірмей береді. Статистикалық карточканы дайындау кезеңінде тіркеу мерзімі үзіледі.

6.4. Құжаттар пакеті берілген сәттен бастап тіркеуші орган 15 күнге дейінгі мерзім ішінде:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын тексеруге;
- құжаттардың құрылуының дұрыстығын тексеруге;
- құру құжаттары заңға сәйкес келген жағдайда заңды тұлғаны тіркеу туралы бұйрық шығаруға (бұйрықты тіркеу қызметінің маманы дайындайды);
- заңды тұлға туралы мағлұматтарды реестрге енгізуге;
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге (7, 8 қосымшаларды қараңыз);
- 10 күн ішінде мемлекеттік статистика органдарына жасалған мемлекеттік тіркеу туралы хабарлауға (N 9 қосымшаны қараңыз);
- құрылтайшы немесе оның өкілі тіркеуші органға берген құжаттардың бір-бір данасы бар іс дайындауға міндетті. Іс дайындалған соң құру құжаттарының 2 данасы (біреуі түпнұсқа болып табылады) құрылтайшыға немесе оның өкіліне қайтарылады.
- айына үш рет (әрбір 10 күн сайын) Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі басқармасына реестр формасы бойынша тіркелген заңды тұлғалардың тізімін жіберуге міндетті.

IV. Заңды тұлғаны қайта тіркеу

7. Азаматтық Кодекстің 42-бабы 6-тармағында көзделген жағдайларда заңды тұлға мынадай тәртіпте қайта тіркеуден өтуге міндетті:

7.1. Заңды тұлға тіркеуші органға мыналарды ұсынады:

- қайта тіркеу туралы арыз;
- өкілетті органның құру құжаттарына өзгертулер (толықтырулар) енгізу туралы шешімі;
- өзгертулер (толықтырулар) енгізілген құру құжаттары;
- заңды ұйымның бұрынғы құру құжаттары және статистикалық карточкасы (түпнұсқалар);
- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы;
- қайта тіркеуге ақы төленгені туралы квитанция немесе төлеу тапсырмасының көшірмесі;

Заңды тұлға қайта құрылған жағдайда тіркеуші органға, сондай-ақ қайта құрылған заңды тұлға міндеттемелері бойынша құқық қабылдау туралы ережелер (мәліметтер) көрсетіліп, өткізу актісі мен айыру балансы ұсынылады.

7.2. Ұсынылған құжаттар негізінде тіркеу органы олардың Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігін тексеріп, осы Ереженің 6.3. тармағында көзделген тәртіпте статистикалық карточка алуға мемлекеттік статистика органына жолдама береді.

7.3. Құжаттар пакеті ұсынылған соң тіркеуші орган 15 күн мерзім ішінде:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын тексеруге;
- құру құжаттарының дұрыс құрылғандығын тексеруге;
- қолданылып жүрген заңдарды бұзушылық болмаған жағдайда заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы бұйрық шығаруға (бұйрықты тіркеу қызметінің маманы дайындайды);
- реестрге заңды тұлға туралы жаңа мәліметтерді енгізуге және құру құжаттарының алғашқы даналарын өкілеттенген адамға беруге;
- заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы куәлік беруге (N 10 қосымшаны қараңыз);
- бұрынғы құру құжаттарының алғашқы даналарын, статистикалық карточканы алып алуға және іске тігуге;
- істі құру құжаттарымен, статистикалық карточкамен және заңды ұйымның өзге құжаттарымен толықтыруға міндетті. Іс дайындалған соң құру құжаттарының екі данасы (оның біреуі түпнұсқа болып табылады) құрылтайшыға немесе оның өкіліне қайтарылады.

7.4. Заңды тұлғаның тіркеу карточкасына енгізілуі қайта тіркеу болып

табылмайтын және ақы алынбай жүзеге асырылатын өзге мәліметтердің өзгертілуі туралы хабарлауға міндетті (басқару органының, басқарушының тұратын жері, құрамы, телефон, телефакс нөмірі өзгергенде және т.б.).

7.5. Тіркеуші орган куәлік берілген немесе заңды тұлғаны қайта тіркеуді талап етпейтін жаңа мәліметтері енгізілген сәттен бастап 10 күн ішінде бұл туралы мемлекеттік статистика органдарына хабарлайды (N 11 қосымшаны қараңыз).

V. Тіркеу туралы куәліктің көшірмесін беру

8. Заңды тұлғаның, оның филиалының немесе өкілдігінің арызы бойынша тіркеуші орган 7 күн ішінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Куәліктің көшірмесін береді.

Заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілгені үшін Үкімет белгіленген тәртіпте және мөлшерде ақы алынады.

VI. Заңды тұлғаны жоюды тіркеу

9. Заңды тұлғаны жоюды тіркеу мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

9.1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны жою туралы шешім қабылдаған өкілетті орган (ҚРАК 19-бабы 1-тармақшасы және 50-бабы 1-тармақшасы) тиісті тіркеуші органға мына құжаттарды ұсынады:

- заңды тұлғаны жою туралы (сот, өкілетті органның, заңды тұлға мүлкі меншік иесінің және т.б.) шешімнің көшірмесі;

- құру құжаттары мен статистикалық карточканың түпнұсқалары;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәлік.

9.2. Осы Ереженің 9.1. тармағында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ салық инспекциясының бюджет алдында қарыз жоқ екендігі туралы қорытындысын және милиция органының заңды тұлға мөрі мен штампын тапсырғандығы туралы анықтамасын алып, тіркеуші орган реестрге тиісті жазбаны енгізеді және статистика органдарына заңды тұлғалар жойылу үстінде екенін хабарлайды (N 12 қосымшаны қараңыз);

9.3. Тіркеуші орган жою ісін жүргізу аяқталған немесе жою балансы ұсынылған сәттен бастап 10 күнге дейінгі мерзімде (ҚРАК 50-бап);

- Қазақстан Республикасының заңдары мен және заңды тұлға жарғысымен көзделген жою тәртібінің қадағалануын тексеруге;

- жою тәртібі қадағаланған жағдайда заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы туралы мағлұматтарды реестрге енгізу туралы бұйрық шығаруға міндетті. Заңды

тұлғаны жоюдың бекітілген тәртібін бұзушылық анықталған жағдайда тіркеуші орган тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

- реестрге заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы туралы жазбаша енгізуге;
- құру құжаттары мен статистикалық карточка түпнұсқаларын әділет органы архивіне тапсыруға;
- статистика органдарына заңды тұлғаны жоюдың аяқталғандығы туралы хабарлау (N 13 қосымшаны қараңыз).

VII. Заңды тұлға филиалын, өкілдігін есептік тіркеу

10. Заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу осы Ереженің 6.1. тармағында көрсетілген құжаттардан басқа олардың алған заңды ұйымның белгіленген тәртіпте куәландырылған құру құжаттарының көшірмелерін ұсыну талап етіледі.

Заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу мен қайта тіркеу заңды тұлғалардың өздерін тіркеумен (қайта тіркеумен) салыстырғанда қарапайым тәртіпте жүзеге асырылады; статистикалық картотеканы дайындау және статистика органдары қызметімен байланысты әріптерді жасау талап етілмейді. Бұндай жағдайда осы Ереженің 6.1., 6.4., 7.1., 7.3., 7.4., 9.1 - 9-3 тармақтарында көзделген талаптармен қадағалануы тиіс.

Шетелдік заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін тіркеу үшін бекітілген тәртіпте (егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен басқалай белгіленбесе), мына ерекшеліктер ескеріліп, жүзеге асырылады:

- заңды тұлғаның құру құжаттары нотариалды куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалармен жабдықталуы тиіс;

- филиал және өкілдік туралы ереже, сондай-ақ олардың басшыларының сенімхаты Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сай болуы және қазақ және орыс тілдерінде орындалуы тиіс;

- тіркеу (қайта тіркеу) туралы арызға сауда реестрінен алынған жазба немесе Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашатын субъектінің өз елінің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын өзге құжат, сондай-ақ нотариалды куәландырылған орыс және қазақ тілдеріндегі аудармалары бар оның төлеу қабілетінің банктің дәлелдемесі қоса берілуі тиіс. (N 14-21 қосымшаларды қараңыз).

VIII. Мемлекеттік тіркеу мерзімінің үзілуі.

Тіркеуден бас тарту

11. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларды құрастыру кезінде табылған кемшіліктер болған жағдайларда, құру құжаттары бойынша сарапшы (маман) қорытындысын алу қажет болғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша мемлекеттік тіркеу мерзімі үзіледі.

12. Заңды тұлғаны, оның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартуға олардың құрылуының заңмен белгіленген тәртібі бұзылған жағдайларда немесе олардың құру құжаттары Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда жол беріледі.

Тіркеуден бас тартылған жағдайда тіркеуші орган нақты заңды (оның нақты бабына) бұзушылыққа сілтеме жасалған бұйрық шығарады.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда құрылтайшыға мемлекеттік тіркеу үшін төленген ақы қайтарылмайды.

IX. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу жөніндегі
міндеттерді әділет министрлігі мен оның аумақтық
органдары арасында бөлу

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мыналарды жүзеге асырады:

- аумақтық әділет органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметін әдістемелік басқару;

- заңды тұлға мен Әділет министрлігі аумақтық органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі заң актілерінің және осы Ереженің талаптарын қадағалауын бақылау;

- мына заңды тұлғаларды тіркеуді: мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы және орталық органдарын; Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан шетел қатысатын кәсіпорындарды; шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін және шетел қатысатын кәсіпорындарды; шетел қатысатын қоғамдық қорларды; республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық бірлестіктерді; халықаралық және шетелдік қоғамдық бірлестіктердің еншілес бірлестіктерін, филиалдары мен өкілдіктерін; республиканың екі немесе одан көп облыстарында қызмет ететін діни басқармаларды (орталықтарды), бірлестіктерді, сондай-ақ олар құратын діни оқу орындарын, монастырларды және өзге бірлестіктерді;

- құрылған, қайта құрылған және жойылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты аумақтық әділет органдарынан қабылдау;

- Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан заңды тұлғалардың,

олардың филиалдары мен өкілдіктері мәліметтерінің бірыңғай банкін құру;

- өзінің ресми баспасөз органында құрылған, қайта құрылған және жойылған заңды тұлғалардың, оларды Қазақстан Республикасы аумағындағы филиалдары мен өкілдіктерінің тізімін тоқсан сайын жариялап отыру;

- оның аумақтық органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі әрекетіне шағымдарды қарау.

14. Әділет министрлігінің аумақтық органдары мыналарды жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуге жататындардан басқа құрылған, қайта құрылған және жойылған заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуді;

- Қазақстан Республикасының тиісті облысы бойынша реестр жүргізу;

- ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне беру.

15. Заңды тұлғаны құру кезінде жіберілген жойылмайтын сипаттар заң бұзушылықтар анықталған кезде тіркеуші орган оның тіркеуінің күші жоқ деп тану туралы арызбен сотқа баруға құқылы.

16. Әділет органдары заңды тұлғалар, олардың филиалдары және өкілдіктері туралы ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпия құрамы ақпараттардан басқасы) мүдделі адамдарға шарт негізінде сатуды жүзеге асыруға құқылы.

Алынған қаржы есеп айырысу есепшотына салынады, ал шетелдік пайдаланушылардан алынған қаржы - тіркеуші органның валюталық есепшотына

.

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 1 қосымша

Заңды тұлғаны тіркеуді жүзеге

асыратын органның атауы

Арыз

кұрушы немесе оның өкілінің фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған

жылы, тұрақты мекен-жайы (заңды мекен-жайы)

заңды тұлғаны құру туралы шешім (жиналыс хаттамасы)

күрған _____ тіркеуге ұсынады

заңды тұлғаның атауы

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұратын жері (мекен-жайы) _____

Арыз беруші:

(қолы)

199__ж." " _____

Қазақстан Республикасы Әділет
Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 2 қосымша

Заңды тұлғаны қайта тіркеуді

жүзеге асыратын органның атауы

Арыз

Заңды тұлға өкілінің фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы,

тұрақты мекен-жайы

заңды тұлғаның атауы

тіркеуге ұсынады.

Заңды тұлғаның құру құжаттарына өзгертулер енгізу туралы шешім
(жиналыс хаттамасы)

кім және қашан қабылдаған

Қызметінің негізгі түрлері:

Ұйымдастыру-құқықтық формасы

Меншік түрі

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы)

Арыз беруші:

(қолы)

199__ж. " " _____

Қазақстан Республикасы Әділет
Министрлігі Органдарының заңды

тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 3 қосымша

филиалды (өкілдікті) тіркеуді

жүзеге асыратын органның атауы

Арыз

Құрушының немесе оның өкілінің фамилиясы, аты, әкесінің аты,

туған жылы, тұрақты мекен-жайы (заңды мекен-жайы)

заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы

_____ тіркеуге ұсынады.

Филиал (өкілдік) туралы Ереже _____

аты, кім және қашан бекіткен

Филиал (өкілдік) қызметінің негізгі түрлері _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) _____

Филиалдың /өкілдіктің/ тұрған жері /мекен-жайы/ _____

Арыз беруші:

ҚОЛЫ

199__ж. " " _____

Қазақстан Республикасы Әділет
Министрлігі органдарының заңды
тұлғалардың мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 4 қосымша

филиалды (өкілдікті) қайта

тіркеуді жүзеге асыратын органның
атауы

Арыз

филиал, немесе өкілдік басшысының фамилиясы, аты, әкесінің аты,

туған жылы, тұрақты мекен-жайы

Заңды тұлға филиалының (өкілдіктің) атауы

_____ қайта тіркеуге ұсынады.

Филиал (өкілдік) туралы Ереже _____

кім және қашан бекіткен

Филиал (өкілдік) қызметінің негізгі түрлері _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұратын жері (мекен-жайы) _____

Филиалдың (өкілдіктің) тұрған жері (мекен-жайы) _____

Арыз беруші:

ҚОЛЫ
199__ж." " _____

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 5 қосымша

Өздерін заңды тұлғалар ретінде тіркеу үшін

субъектілер ұсынатын құжаттардың
Тізімі

1. Шетелдің қатысуынсыз заңды тұлғалар ұсынатын құжаттардың тізімі.
1. Мемлекеттік кәсіпорындар;
 - 1.1. Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорын:
 - тіркеу туралы арыз;
 - құрылтайшы (өкілетті орган) бекіткен жарғы;
 - кәсіпорын құру туралы өкілетті мемлекеттік органның шешімі;
 - статистикалық органдар беретін статистикалық карточка;
 - заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
 - тіркегені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.
 - 1.2. Шұғыл басқару құқығына негізделген кәсіпорын
- Осы айтылған кәсіпорын:
 - тіркеу туралы арыз;
 - құрылтайшы (өкілетті орган) бекіткен жарғы;

- кәсіпорын құру туралы Үкімет немесе жергілікті атқарушы органның шешімі;

- статистикалық органдар беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

2.1. Толық серіктестік

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- құрылтайшы шарты;
- егер құрылтайшылардың бәрі мемлекеттік кәсіпорын болған жағдайда, онда меншік иесінің немесе бұған өкілетті органның келісімі қоса беріледі;

- статистикалық органдар беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

2.2. Коммандитті серіктестік

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты;
- егер құрылтайшылардың бірі мемлекеттік кәсіпорын болған жағдайда, онда меншік иесінің немесе бұған өкілетті органның келісімі қоса беріледі;

- статистикалық органдар беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

2.3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы (лар) бекіткен Жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшылардың саны бірден артық болса)

- оның депозитіне құру құжаттарында көрсетілген жарғылық қордың кем дегенде 25 процентін енгізгендігі туралы банк анықтамасы немесе құрылтайшылардың үлесін ақшалай бағалау жөнінде тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілгендігі туралы құжат;

- егер құрылтайшылардың бірі мемлекеттік кәсіпорын болған жағдайда, онда меншік иесінің немесе бұған өкілетті органның келісімі қоса беріледі:

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

2.4. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік.

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы (лар) бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшылардың саны бірден артық болса);
- оның депозитіне құру құжаттарында көрсетілген жарғылық қордың кем дегенде 25 процентін енгізгендігі туралы банк анықтамасы немесе құрылтайшылардың үлесін ақшалай бағалау жөнінде тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілгендігі туралы құжат;

- егер құрылтайшылардың бірі мемлекеттік кәсіпорын болған жағдайда, онда меншік иесінің немесе бұған өкілетті органның келісімі қоса беріледі;

- статистикалық органдар беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегендігі жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

2.5. Акционерлік қоғам (ашық және жабық типтегі):

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы (құрылтай жиналысы) бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшылар саны бірден артық болса);
- белгіленген тәртіпте куәландырылған құрылтай жиналысының (құрылтайшылар саны бірден артық болса) хаттамасы;
- оның депозитіне құру құжаттарында көрсетілген жарғылық қордың кем дегенде 50 процентін енгізгендігі туралы банк анықтамасы немесе құрылтайшылардың үлесін ақшалай бағалау жөніндегі тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілгендігі туралы құжат;

- егер құрылтайшылардың бірі мемлекеттік кәсіпорын болған жағдайда, онда меншік, иесінің немесе бұған өкілетті органның келісімі қоса беріледі;

- статистикалық органдар беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегендігі жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту: Шаруашылық серіктестігінің Жарлығына құрылтай шартына сәйкес осы серіктестіктің басшысы тағайындаған құрылтайшы немесе шаруашылық серіктестіктің бірінші басшысы (жоғары лауазымды адам) тағайындаған адам қол қояды.

Құрылтайшысы бір адам болып табылатын шаруашылық серіктестігінің Жарғысына осы құрылтайшы қол қояды.

Шаруашылық серіктестігінің құрылтай шартына құрылтайшы немесе оның барлық құрылтайшылары құрылтайшылар саны бірден көп болса қол қояды.

Шаруашылық серіктестігінің құру құжаттары (жарғы мен құрылтай шарты) нотариалдық куәландыруға жатады.

3. Өндірістік кооператив:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы(лар) бекіткен Жарғы;
- құрылтай шарты (құрылтайшылардың қалауы бойынша);
- статистика органдары беретін статистика карточкасы;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегені жөніндегі квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі;

4. Мекеме:

- тіркеу туралы арыз;
- меншік иесі (құрылтайшы) бекіткен ереже (жарғы);
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі;

5. Тұтыну кооперативі:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшылар бекіткен Жарғы;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

6. Қоғамдық қор:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- құрылтайшылар қол қойған (құрылтайшылардың саны бірден артық болса)

құрылтай шарты;

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркелгені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе

төлем тапсырмасының көшірмесі.

7. Қоғамдық бірлестік:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтай съезінде (конференциясында, жиналысында) қабылданған Жарғы;

- съездің (конференцияның, жиналыстың) төрағасы мен хатшысы қол қойған жарғы қабылдаған құрылтай съезінің хаттамасы;

- тіркелген бірлестіктің құрылымдық бөлімшелерін құру жөнінде конференциялардың, азаматтар жиналыстарының хаттамалары;

- а) республикалық мәртебедегі бірлестіктер республикадағы облыстардың жарнасынан көбіне хаттамалар жібереді;

- б) региондық мәртебедегі бірлестіктер республикадағы

екі немесе бірнеше облыстарға хаттамалар жібереді;

- қоғамдық бірлестіктің бастаушы азаматтарының белгіленген форма бойынша тізімі;

- қоғамдық бірлестіктің басқару органы мүшелерінің белгіленген форма бойынша тізімі;

- қоғамдық бірлестіктің басқару органының тұрған жерін растайтын құжат;

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;

- тіркелгені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту:

Саяси партияларды тіркеу кезінде қосымша мыналар ұсынылады:

- партияның бағдарламасы;

- кемінде 3000 азаматтар кіретін партия мүшелерінің фамилиялары, аты-жөні, әкесінің аты, туған жылы, тұрақты тұратын жері көрсетілген тізімі;

8. Діни бірлестіктер:

- тіркеу туралы арыз;

- құрылтай съезінде (конференцияда, жиналыстарында) қабылданған жарғы;

- діни бірлестікті құрған бастаушы-азаматтардың (кем дегенде он адам) тізімі;

- діни бірлестіктің басқару органы мүшелерінің тізімі;

- діни бірлестіктің тұрған жерін растайтын құжат;

- жарғы (ереже) қабылдаған жиналыстың (конференция, съезд, құрылтай) нөмірленген, тігілген, өкілетті адамның қолымен куәландырылған хаттамасы;

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- тіркелгені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту:

1. Республикадан тыс жерлерде басқару орталығы бар діни бірлестік қосымша мыналарды ұсынады:

- қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалды куәландырылған шетелдегі орталық жарғының көшірмесі;
- діни орталықтың өз елінің заңы бойынша заңды ұйым екендігін

дәлелдейтін реестрдің немесе басқа құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалды куәландырылған көшірмесі.

2. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін діни бірлестіктердің басшыларын шетелдік діни орталықтар арқылы тағайындайтын республикадағы тиісті өкімет органдарымен келісе отырып жүзеге асырылады.

3. Діни оқу мекемесі бұған қосымша оқу орнын құру туралы діни басқарманың (орталықтың) құзырлы органының шешімін және оның жергілікті атқару органына кіретіндігін растайтын құжат ұсынады.

9. Ассоциация (одақ) түріндегі заңды тұлғалардың бірлестігі:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- нотариалды тәртіппен куәландырылған құрылтай шарты;
- бірлестік құрылтайшыларын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

- егер құрылтайшылардың бірі мемлекеттік кәсіпорын болса, онда бұл жөнінде меншік иесінің немесе бұған өкілеттігі бар органның келісімі қоса беріледі;

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркегені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі;

10. Заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері:

- тіркеу туралы арыз;
- нотариалды тәртіппен куәландырылған филиал немесе өкілдік туралы ереже;
- заңды тұлғаның филиал немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаты;
- филиалды немесе өкілдікті құрған заңды тұлғаның нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының (жарғының немесе құрылтай шартының көшірмесі);
- филиал немесе өкілдік құру туралы заңды тұлғаның шешімімен үзінді көшірме;
- егер филиалды құрушы мемлекеттік кәсіпорын болса, онда меншік иесінің немесе өкілетті органның келісімі талап етіледі;
- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- тіркегені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

II. Шетелдер қатысатын заңды тұлғалар ұсынатын құжаттарының тізімі

1. Шетелдер қатысатын толық серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;
- нотариалды тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттары (құрылтайшы бекіткен жарғы мен құрылтай шарты);
- шетелдік заңды тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы, нотариалдық тұрғыдан расталған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті туралы банктің дәлел қағазы.

б) бұл субъект өз елінің заңы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын сауда реестрінен немесе басқа құжаттан алынған, қазақ және орыс тілдерінде аударылып нотариалдық тұрғыдан куәландырылған көшірмесі;

- шетелдік жеке тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) жеке тұлғаның төлеу қабілеті туралы, оның азаматтық алған жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы нотариалды расталған банктің дәлел қағазы;

б) жеке тұлғаның кім екенін куәландыратын паспорт пен басқа да құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалдық тұрғыдан расталған

көшірмесі;

- заңды тұлғаның тұрған жерін дәлелдейтін құжат;
- статистика ұйымдары беретін статистикалық карточка;
- тіркегені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

2. Шетелдер қатысатын коммандитті серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;
- нотариалды тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттары (құрылтайшы бекіткен жарғы және құрылтай шарты);

- шетелдік заңды тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы, нотариалдық тұрғыда расталған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті туралы банктің дәлел қағазы;

б) бұл субъект өз елінің заңы бойынша заңды ұйым болып табылатынын растайтын сауда реестрінен немесе басқа құжаттан алынған қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыда куәландырылған көшірмесі;

- шетелдік жеке тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) жеке тұлғаның төлеу қабілеті туралы оның азаматтық алған жері бойынша расталған қазақ және орыс тілдеріндегі банктің дәлел қағазы;

б) жеке тұлғаның кім екендігін куәландыратын паспорт немесе басқа құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыда расталған көшірмесі;

- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- тіркегені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

3. Шетелдер қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;
- нотариалды тәртіпте куәландырылған құру құжаттары (құрылтайшы(лар) бекіткен жарғы мен құрылтай шарты (құрылтайшылар саны бірден артық болса) немесе тек жарғының өзі);

- шетелдік заңды тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы нотариалдық тұрғыдан расталған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті расталған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті туралы банктің дәлел қағазы;

б) бұл субъект өз елінің заңы бойынша заңды ұйым болып табылатынын растайтын сауда реестрінен немесе басқа құжаттан алынған, қазақ және орыс

тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыда куәландырылған көшірмесі;

- шетелдік жеке тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) жеке тұлғаның төлеу қабілеті туралы оның азаматтық алған жері бойынша куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аударма нотариалды тұрғыдан расталған банктің дәлел қағазы;

б) жеке тұлғаның кім екенін куәландыратын паспорт пен басқа да құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалды тұрғыдан расталған көшірмесі ;

- оның депозитіне құру құжаттарында көрсетілген жарғылық қордың кем дегенде 25 процентін енгізгендігі туралы банк анықтамасы немесе құрылтайшылардың үлесін бағалау жөнінде тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілгендігі туралы құжат.

- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- тіркегені үшін ақы төлегені жөнінде квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

4. Шетелдер қатысатын қосымша жауапкершілігі бар серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;
- нотариалды тәртіппен куәландырылған құру құжаттары (құрылтайшы(лар) бекіткен Жарғы мен құрылтай шарты (құрылтайшылардың саны бірден артық болса) немесе тек жарғының өзі);

- шетелдік заңды тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы нотариалдық тұрғыдан расталған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті туралы банктің дәлел қағазы;

б) бұл субъект өз елінің заңы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын сауда реестрі немесе басқа құжаттан алынған қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыдан куәландырылған көшірмесі;

- шетелдік жеке тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) жеке тұлғаның төлеу қабілеті туралы оның азаматтық алған жері бойынша куәландырылған, қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы нотариалды тұрғыдан расталған банктің дәлел қағазы;

б) жеке тұлғаның кім екенін куәландыратын паспорт пен басқа да құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалдық тұрғыдан расталған көшірмесі;

- оның депозитіне құру құжаттарында көрсетілген жарғылық қордың кем дегенде 25 процентін енгізгендігі туралы банк анықтамасы немесе

құрылтайшылардың үлесін ақшалай бағалау жөнінде тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілгендігі туралы құжат;

- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- тіркегені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

5. Шетелдер қатысатын акционерлік қоғам (ашық және жабық типтегі)

- тіркеу туралы арыз;
- нотариалды тәртіппен куәландырылған құру құжаттары (құрылтай

жиналысы бекіткен жарғы және құрылтай шарты (құрылтайшылардың саны бірден артық болса) немесе тек жарғының өзі);

- белгіленген тәртіппен куәландырылған (құрылтайшылардың саны бірден артық болса) құрылтай жиналысының хаттамасы;

- оның депозитіне құру құжаттарында көрсетілген жарғылық қордың 50 процентін енгізгендігі туралы банк анықтамасы немесе құрылтайшылардың үлесін ақшалай бағалау жөнінде тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілгендігі туралы құжат;

- шетелдік заңды тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) қазақ және орыс тілдерінде аударылып нотариалдық тұрғыдан куәландырылған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті туралы банктің дәлел қағазы;

б) бұл субъект өз елінің заңы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын сауда реестрі немесе басқа құжаттан алынған, қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалды тұрғыдан куәландырылған көшірмесі;

- шетелдік жеке тұлға болып табылатын құрылтайшы қосымша мыналарды ұсынады:

а) жеке тұлғаның төлеу қабілеті туралы оның азаматтық алған жері бойынша куәландырылған, қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы нотариалдық тұрғыдан расталған банктің дәлел қағазы;

б) жеке тұлғаның кім екенін куәландыратын паспорт пен басқа құжаттың қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыдан расталған көшірмесі;

- заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- тіркегені үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту:

Мемлекеттік кәсіпорын (мемлекеттік үлеспен қатысатын кәсіпорын) меншік

иесінің немесе бұған өкілетті адамның келісуімен ғана бірлескен кәсіпорынның (ӨС, КС, САО, АҚ) құрылтайшысы бола алады.

6. Шетелдік заңды тұлғаның (шетелдер қатысатын кәсіпорын) филиалдары немесе өкілдіктері мыналарды ұсынады:

- тіркеу туралы арыз;
- филиалдың немесе өкілдіктің нотариалды тәртіппен куәландырылған құру құжаттары (жарғы немесе ереже);
- шетелдік заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдік басшысына берген, қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыда куәландырылған сенімхаты.
- филиал немесе өкілдік құрған заңды тұлғаның қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалдық тұрғыда куәландырылған құру құжаттарының (жарғы немесе) мен құрылтай шартының) көшірмесі;
- филиал немесе өкілдік құру туралы заңды тұлға қабылдаған шешімнің қазақ және орыс тілдеріне аударылып, нотариалдық тұрғыда куәландырылған көшірмесі;
- қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалдық тұрғыда куәландырылған шетелдік қатысушының төлеу қабілеті туралы банктің дәлел қағазы;
- Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашқан бұл субъект өз елінің заңы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын сауда реестрінен немесе басқа құжаттан алынған, қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалды тұрғыдан куәландырылған көшірме;
- мемлекеттік тіркеу үшін ақы төленгені жөнінде квитанция немесе төлеу тапсырмасының көшірмесі.

Ескерту:

1. Заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті) тіркеу туралы арыз Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген форма бойынша, қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

2. Банк қызметімен айналысатын заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті) тіркеу кезінде оны ашуға Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің рұқсаты (келісімі) талап етіледі.

3. Заңды тұлғаның, оның филиалы мен өкілдігінің құру құжаттары тігілген және нөмірленген күйде беріледі, қазақ және орыс тілдерінде, үш данада жасалады.

4. Құру құжаттары тіркеуін органның мөрімен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге

№ 6 қосымша

Статистика органы _____

Жолдама

заңды тұлғаның атауы

_____ тіркеу үшін код таңылған екі
данадағы статистикалық карточка берілсін.

Тіркеуші орган және оның мекен-жайы: _____

Заңды тұлғаларды тіркеу

бөлімінің бастығы

қолы

фамилиясы, аты, әкесінің аты

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге

№ 7 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы
Куәлік

(тіркеу нөмірі)

(ҚҰЖК коды)

199__ж."__"

қаласы

Заңды тұлғаның атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Ұйымдастыру-құқықтық формасы: _____

Меншік түрі _____

Тұрған жері (мекен-жайы) _____

бастық

аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 8 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

_____ әділет басқармасы

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы

Куәлік

(тіркеу нөмірі)

(ҚҰЖК коды)

199__ж." _ "

қаласы

Заңды тұлғаның атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Ұйымдастыру-құқықтық формасы _____

Меншік түрі _____

Тұрған жері (мекен-жайы): _____

_____ бастық

_____ аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет
Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 9 қосымша

Статистика органдарына _____

Заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі
мәлімдеме

NN	Заңды тұлғаның	Заңды мекен-жайы	Тіркеу нөмірі мен	ҚҰЖК коды
	атауы		куәлік берілген	
			күн	

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Заңды тұлғаларды тіркеу _____

бөлімінің бастығы

фамилиясы, аты, әкесінің аты

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларының мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 10 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Заңды тұлғаны қайта мемлекеттік тіркеу туралы
Куәлік

(тіркеу нөмірі)

(ҚҰЖК)

199__ж. " __ " _____

Заңды тұлғаның атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Ұйымдастыру-құқықтық формасы: _____

Меншік түрі: _____

Тұрған жері (мекен-жайы): _____

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні _____

бастық

аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 11 қосымша

Статистика органдарына _____

Заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі
мәлімдеме

NN	Заңды тұлғаның	Заңды мекен-жайы	Тіркеу нөмірі мен	ҚҰЖК коды
	атауы		куәлік берілген	
			күні	

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Заңды тұлғаларды тіркеу

бөлімінің бастығы

фамилиясы, аты, әкесінің аты

Қазақстан Республикасы Әділет Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі органдарының заңды министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге тәртібі туралы Ережеге
N 12 қосымша N 13 қосымша

Хабарлама қағаз

Хабарлама қағаз

_____ заңды тұлғаның атауы _____ заңды тұлғаның атауы
_____ туралы мағлұматтар
_____ номермен тіркелген _____ номермен тіркелген
_____ ОКОП коды таңылған _____ ОКОП коды таңылған
жойылу процесі үстінде.
Заңды тұлғаны жою туралы _____ Заңды тұлғалардың Мемлекеттік
шешім _____ қабылданды регистрінен алып тастауға
кім және қашан жатады, бұл туралы _____
тіркеуші орган
бұйрығы
_____ шығарылды
_____ күні және номері

Заңды тұлғаларды _____ Заңды тұлғаларды _____
тіркеу бөлімінің фамилиясы, аты, тіркеу бөлімінің фамилиясы, аты,
бастығы әкесінің аты бастығы әкесінің аты

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 14 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

Заңды тұлға филиалы есептік тіркеу туралы

Куәлік

N _____

19__ж."__"_____

_____ қаласы

Филиалдың атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) _____

Филиалдың тұрған жері (мекен-жайы) _____

бастық

аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 15 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

_____ әділет басқармасы

Заңды тұлға филиалы есептік тіркеу туралы

Куәлік

N _____

19 __ ж. " __ " _____

_____ қаласы

Филиалдың атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы: _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) _____

Филиалдың тұрған жері (мекен-жайы): _____

бастық

аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 16 қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі

Заңды тұлға өкілдігін есептік тіркеу туралы

Куәлік

N _____

19__ж. " __ " _____

_____ қаласы

Өкілдіктің атауы _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы: _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) _____

Өкілдіктің тұрған жері (мекен-жайы): _____

_____ бастық

_____ аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі

_____ әділет басқармасы
Заңды тұлға өкілдігін есептік тіркеу туралы
Куәлік

№ _____

19__ж. " __ " _____

_____ қаласы

Өкілдіктің атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы): _____

Өкілдіктің тұрған жері (мекен-жайы): _____

бастық

аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 18 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

Заңды тұлға филиалы есептік қайта тіркеу туралы
Куәлік

N _____

19 __ж."__"

_____ қаласы

Филиалдың атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы: _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы): _____

Филиалдың тұрған жері (мекен-жайы): _____

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні _____

_____ аты, фамилиясы
бастық

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 19 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

_____ әділет басқармасы

Заңды тұлға филиалы есептік қайта тіркеу туралы

Куәлік

N _____

19__ж."__"

_____ қаласы

Филиалдың атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы: _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) _____

Филиалдың тұрған жері (мекен-жайы): _____

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні _____

_____ бастық

_____ аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 20 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

Заңды тұлға өкілдігі есептік қайта тіркеу туралы

Куәлік

N _____

19__ж. " __ " _____

_____ қаласы

Өкілдіктің атауы: _____

Қызметінің негізгі түрлері _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы: _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы) _____

Өкілдіктің тұрған жері (мекен-жайы): _____

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні _____

бастық

аты, фамилиясы

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы Ережеге
N 21 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

_____ әділет басқармасы
Заңды тұлға өкілдігін есептік қайта тіркеу туралы

Куәлік

N _____

19 __ ж. " __ " _____

қаласы

Өкілдіктің атауы _____

Қызметінің негізгі түрлері: _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасы және атауы: _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен-жайы): _____

Өкілдіктің тұрған жері (мекен-жайы) : _____

Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні _____

бастық

аты, фамилиясы